



Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде қос дипломдық білім беру бағдарламасы 2000 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Шет елдік ЖОО-лармен ынтымақтастық қарым-қатынастар орнатып, жемісті жұмыс істеп жатыр. Мәселен, Польшаның Лингвистикалық және техникалық университетімен қос дипломды білім беру бойынша ынтымақтастық орнаған. Жетісу университетінде «Қазақ тілі әдебиеті», Польша университетінде «Филология» мамандығы болып табылады. Сондай-ақ ресейлік Алтай мемлекеттік университеті мен екі бағдарлама бойынша ынтымақтастық орнаған. Жетісу университетінде «Экология», ресейлік университетте - «Қоршаған ортаны тиімді басқару» мамандығы бойынша оқытылады. Осы жылы Италия республикасында орналасқан Марке политехникалық университетімен өзара ынтымақтастық орнамақ.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ауылшаруашылығы бағыты бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асырмақ. Яғни, Жетісу университетінің студенті бола жүріп, Италияның Марке политехникалық университетінің де студенті атануға мүмкіндік бар.

Үш жыл Жетісу университетінің базасында білім аласыз. Төртінші жылы Италиядағы Марке политехникалық университетінде оқисыз.

Марке политехникалық университеті – Италияның Анкона қаласында орналасқан, рейтингі жоғары, беделді оқу орны. Еуропалық профессорлардан дәріс

## Сәт сапар, жас маман!



## ҚОС ДИПЛОМ – ҚОС ҚАНАТЫҢ

алып, әлемдік кәсіби білімге есік ашасыз. 4 жылда бакалавр дәрежесі бойынша қазақстандық және италияндық екі диплом аласыз.

2023 жылдың қазан айында Жетісу университеті Марке политехникалық университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Нәтижесінде қос дипломдық білім беруді үйлестіру бойынша жұмысты бастап кетті. Осы орайда Жетісу өңірінің аграрлық аймақ екенін ескере отырып, университет «Агрономия» білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алды. Марке политехникалық университеті өз кезегінде ауылшаруашылық ғылымдары мен технологиялары мамандығы бойынша бакалавриат бағдарламасын ұсынды. Кейіннен білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын талқылап, 2024 жылдың сәуір айында қос дипломдық бағдарламаны жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылды.

Қос дипломдық бағдарлама бойынша оқыту толығымен ағылшын тілінде болады. Қос дипломдық бағдарламаның 3-курсында немесе 4-ші курсты аяқтағанда, студенттер Марке политехникалық университетіне барып, бір семестр оқиды.

Қос дипломды бағдарлама бакалавриат деңгейінде жүзеге асырылады. Дегенмен, біз қазір университетіміздің базасында осы университеттің филиалын ашу мәселесін шешіп жатырмыз. Себебі, филиалдың ашылуы білім беру бағдарламаларының ауқымын кеңейтуді көздейді.

Марке политехникалық университетінің білім беру бағдарламаларын зерттедік, олардың экономика факультеті жеткілікті түрде дамыған. Сондықтан «Халықаралық экономика және кәсіпкерлік» бағыты бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасын ашу мақсатында ынтымақтастықты одан әрі жалғастырмақ.

Әйткені олардың қос диплом бойынша тәжірибесі бар. Біздің университетте магистранттар «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша оқиды. Сондай-ақ «Экология, қоршаған ортаны қорғау инженериясы» қос дипломдық бағдарламасын үйлестіруге болады.

Шартқа сәйкес италиялық ғалымдар жыл сайын бізге келеді. Ал біз қазір 2024-2025 оқу жылында келетін ғалымдардың нақты тізімін талқыладық. Бұл білім беру бағдарламалары бойынша «Энтомология» және «Жеміс шаруашылығы» бағыттары бойынша екі негізгі пәнді оқытатын ғалымдар, PhD докторлары.

Талқылаған шарттарға сәйкес, қазіргі уақытта студент оқу ақысын өзі түскен университетте төлейді. Сондықтан біздің университетке қос диплом бағдарламасына түсетін Студенттер мемлекеттік білім беру грантын алу барысында оқу ақысын төлейді немесе бұл біздің университет белгілеген құн бойынша шаруашылық келісім-шарт болады. Екінші оқу орны, яғни италияндық университет өз білімін тегін ұсынады. Бұл ретте университет біздің студенттердің тіркеу жарнасын өз есебінен төлейтін болады. Қос диплом бағдарламасына түскен әрбір студент тек бір рет, бір университетке оқу ақысын төлейді, бірақ екі диплом алады.



ZHETYSU UNIVERSITY  
1972  
Жетісу университеті  
Times Higher Education  
әлемдік рейтингісінде!

ДАСТҮРАІ АШЫТЫЛҒАН  
СҮТ ӨНІМДЕРІМІЗ –  
ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ  
ОБРАЗОВАНИЯ

ЖИЗНЬ В  
РИТМЕ ТАНЦА



1972

## Жетісу университеті Times Higher Education әлемдік рейтингісінде!

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті алғашы рет Times Higher Education әлемдік рейтингісіне бірінші рет қатысып, 25 қазақстандық ЖОО-мен бірге "reporter" (қатысушы) мәртебесімен Times Higher Education рейтингісіне енді.

Impact Rankings рейтингісі Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (ЦУР – тұрақты даму мақсаттары) қол жеткізуде үздік университеттерді анықтайды. Түрлі ТДМ-де жоғары жетістіктерге қол жеткізе отырып, бұл университеттер қоршаған ортаның тұрақтылығын, әлеуметтік инклюзияны, экономикалық өсуді және серіктестіктерді қоса алғанда, әлемдегі ең өзекті мәселелерді шешуін көрсетеді. 2024 жылы Times Higher Education Impact Rankings әлемдік рейтингісіне 125 елден/аймақтан 2152 университет қатысты.

Осы рейтингтің нәтижелері бойынша Жетісу университеті ЦУР(ТДМ)-де келесі оң нәтижелерге ие болды:

- ЦУР (ТДМ) 4 Сапа біліміне сәйкес университет Қазақстанның үздік 5 университетінің қатарына еніп, 601-800 орынды иеленді;
- ЦУР (ТДМ) 5 Гендерлік теңдік бойынша университет Қазақстанның үздік 10 университетінің қатарына еніп, 401-600 орынды иеленді;
- ЦУР (ТДМ) 8 Лайықты жұмыс және экономикалық өсу бойынша университет Қазақстанның үздік 20 университетінің қатарына еніп, 801-1000 орынды иеленді.



## Z ұрпақ пен X ұрпақтың айырмашылығы неде?

X, Y, Z... Бұл – әр заманда бір-бірін алмастырған ұрпақтар буынының шартты атауы. X ұрпақтары - 1963 жылдан 1983 жылға дейін туған адамдар. X ұрпақтың басты құндылықтары – өзгеріске дайындық, таңдау мүмкіндігі, индивидуализм, ғұмыр бойы оқуға әзірлік, жаңа эмоция іздеу, прагматизм, өзіне ғана сену. Бұл ұрпақ әр нәрсенің санына емес, сапасына мән береді. X ұрпағы өкілдерінің арасындағы ата-ана болып отырғандардың көбі үшін отбасы – балалары мен қарт ата-анасы – бірінші орында, ал карьера – екінші кезекте. Өте сабырлы, төзімшіл болып келеді. Дегенмен X ұрпақтар бір шеңберден шыға алмайды. Яғни, тәуекел жасауға бара бермейді. Олар үшін онлайн түрде жұмыс істеу дұрыс емес сияқты көрінеді. Бұл ұрпақ "ұят болады" деген ұғымға сүйенеді. Басқа адамдардың ойы мен көп санасады.

2003 жылдан кейін туылғандар Z ұрпағына жатады. Олар ең алдымен білім алуға, мансап құруға немесе өз ісін ашуға бағытталады. Отбасының құндылығы, өкінішке орай екінші орында. Жастардың басты құндылықтарының бірі - қозғалыс бостандығы. Мамандық таңдаудағы маңызды критерий - қашықтан жұмыс істеу немесе таңертеңнен кешке дейін кеңседе отыру. Яғни, ақшаны оңай жолмен табу жолдарын іздестіреді.

Екі буынның айырмашылығын көру үшін кішігірім сауалнама жүргіздім.

**Кез келген мәліметті, ақпаратты қайдан алғанды жөн көресіз?**

**Қасым Мейер, университет түлегі:**

- Қазір ғаламторда бәрі бар ғой, сол үшін ғаламтор арқылы ізденіп, қараймын.

**Аубакиров Есең, қала тұрғыны:**

- Жанымдағы адамдардан сұраймын немесе ұялы телефоннан көремін.

**Сіз үшін жұмыстағы басты критерий қандай?**

**Қасым Мейер, университет түлегі:**

- Әрине ол жұмыстың жайлылығы және жалақысы. Тағы маңызды критерий ол жұмыс кестесі, маған ыңғайлы болса болды. Жайлылық пен жалақы бірінші орында деп ойлаймын.

**Аубакиров Есең, қала тұрғыны:**

- Басты талап ол жалақы. Жалақысы жақсы болса және жұмыс тәртібі таңнан кешке дейін болса жақсы.

**Бос уақытыңызда немен айналысасыз?**

**Қасым Мейер, университет түлегі:**

- Телефон қараймын. Көбінесе «ТikTok» желісін қарап жатамын. Кешке жақын, далаға шығып серуендеп қайтамын.

**Аубакиров Есең, қала тұрғыны:**

- Демалысымды әйеліммен бірге бақшада өткізгенді ұнатамын немесе теледидар көремін.

**Жетістікке жету үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Оқудың маңыздылығы қандай?**

**Қасым Мейер, университет түлегі:**

- Әрине жұмыс істеу керек. Бір орында отыра бермеу керек. Оқудың маңызы бар. Оқу керек, бірақ қазір оқусыз да көптеген жетістіктерге жетуге болады. Мәселен онлайн отырып та жұмыс істеуге болады. Интернет арқылы қаншама адам табысқа жетіп жатыр. Сол үшін пысық болсаң табысқа жете аласың деп ойлаймын.

**Аубакиров Есең, қала тұрғыны:**

- Еңбектену керек, оқу керек. Оқыған адам үлкен табысқа жетеді. Жақсы университетке түсіп, өзіңе жақын маман иесін оқу керек. Мен оны бала кезінде түсінбедім, қазір оқудың маңыздылығын сезініп жатырмын. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», - деп Абай атамыз босқа айтпаған ғой. Еңбектеніп, оқып, жұмыс істеуіміз керек.

**Өмірдегі ең басты нәрсе сіз үшін не?**

**Қасым Мейер, университет түлегі:**

- Менің ойымша бірінші ата – анамның амандығы. Тағы бір бастысы ол өмірдегі орнымды табу. Өз орнымды тауып, жақсы жұмыс орнына тұру.

**Аубакиров Есең, қала тұрғыны:**

- Мен үшін балаларым, отбасым. Осы өмірде отбасым аман болса болғаны. Немере, шөберелерімді көріп кеткім келеді. Отбасым менің барым, ең жақын адамдарым. Олар үшін мен бәріне дайынмын.

Жас буын барлығын жеңіл қабылдайды. Олар жоспарлауды ұнатпайды, қазіргі сәтте барлығын алып қалуды қалайды. «Саяхаттап, ел-жерді көріп өмір сүруге болады» деп топшылайды. Өмірден ләззат алуды мақсат етеді. Бұл ұрпақ жаңадан шығып жатқан инновация, технологияға жақын. Логикалары шапшаң, олар көп прогресс әкелуі мүмкін. Олардан көп дүние үйренуге болады. Біраз жағдайдың дұрыс екенін сезеді және оған басқаларды үйрете алады. Бұл ұрпақ үшін шектеу жоқ. Олардың ойынша барлығын жасауға болады және олар өздеріне сенімді. Олар үшін өзі басты орында. Ал үлкен ұрпақ өзі ғана емес, отбасын да ойлайды. Өмірде шектеу бар секілді. Дегенмен үлкен буын өте саналы, еңбекқор, төзімді болып келеді. Олар жетістікке өздері жетуді мақсат етеді. Олар ұзақ жылдар бойы бір салада қызмет атқарып, тұрақтылықты қалайды.

Сіз бұл жайлы не ойлайсыз?

Дайындаған Аян АЙДАРҚЫЗЫ,  
ЖПҚ-411 топ түлегі.

Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.

## МИНИСТР САЯСАТ НҰРБЕК МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА САЛАНЫ ДАМУ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары білім және ғылым жүйесін дамытуға бағытталған бірқатар бастама мен жобалар таныстырылды.

Министр елімізде осы уақытқа дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 25 филиалы ашылғанын айтты. Шетелдік серіктестермен аймақтардағы мемлекеттік университеттерді халықаралық білім беру стандарттары бар зерттеу университеттеріне айналдыру туралы келісімдерге қол жеткізілген.

Биыл студенттерге қаржылай қолдау көрсетудің жаңа тетіктері енгізіле бастады. Олардың қатарына «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын, жеңілдетілген білім беру несиесі мен дифференциаланған гранттарды қолқызуға болады. Аталған шаралар халықтың барлық санатына жоғары білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз

етуге бағытталған.

Саясат Нұрбек жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуы туралы есеп берді. Оның айтуынша, қазір 8 жоғары оқу орнында 15 білім беру бағдарламасы бойынша 2000-нан астам студент жасанды интеллект саласын оқып жатыр. Цифрлық экономикаға бейімделген кадрлардың әлеуетін дамыту үшін Google, Nvidia, Coursera, 01 Edu System және Huawei сияқты трансұлттық компаниялармен ынтымақтастық орнатылған. Сондай-ақ жасанды интеллект саласында мамандар даярлау үшін «Болашақ» бағдарламасы арқылы жыл сайын 100 стипендия бөлу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жатақханалар салу, жоғары білім мен ғылым инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

## СЕНАТОРЛАР ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған заңдарды қарады.

Сенат отырысында депутаттар «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңды және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен қамту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды екінші оқылымда қарап, мақұлдады.

Палата Төрағасы атап өткендей, заңдарға енгізілген түзетулер ұлттық ғылыми жүйені жетілдіруді, сондай-ақ, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті тиімді үйлестіруді көздейді.

«Негізгі заң арқылы ғылыми қызмет субъектілері және олардың құқықтары айқындалды. Жас ғалымдарды ынталандыру және ғылыми қызметті қаржыландыру тетіктері де қайта қаралып отыр. Ғылыми-техникалық жетістіктерді коммерцияландыруға арналған түзетулер де қамтылған. Осыған орай кәсіпкерлерге салықтық және инвестициялық жеңілдіктер беру қарастырылып отыр. Алдағы уақытта қаралған заңдар еліміздің ғылыми жүйесін жаңғыртуға өз септігін тигізеді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

## Жастар жырлайды

### Ілиясқа арнау

Жүрекке жол табады сауатты өлең,  
Еңбегін ерен ердің, санап берем,  
Еңбектің таза дәмі бәлек деген,  
Қара өлеңнің құлагері Ілияс дер ем.

Кейбіреулер Ілиясты өлең дейді,  
Өлеңдері от шашқан берен дейді,  
Ал біреулер Ілиясты сәуле дейді,  
Өлеңдері жүректі еурелейді.

Кейбіреулер өлеңдерін соғыс дейді,  
Күреспесең шабытпен тоғыс дейді,  
Демек, өлең мөп-мәлдір бір өң шығар,  
Толқып жатқан толқындай терең шығар.

Ілиясты таныған бақыт екен,  
Еңбектері тот баспайтын жақұт екен,  
Ғасырдан ғасырларға созылатын,  
Тарихтағы ұмытылмас уақыт екен.

Үмбет КАЗИМАН.  
«Zhansugurov college».

## Қазақтың мәңгі өлмейтін бәйтерегі

Жиырмасыншы ғасырдың азап таңы,  
Қара түнек, қараңғылық азаптады.  
Сол түнектен ап шығар күн сәулесі,  
Ілиястан бастау алды азат таңы.  
Жетісудың талмай жортқан құлагері,  
Мұра болды күй әлемі, жыр әлемі.  
Бостандық, теңдік пен, еркіндік деп,  
Көгіне елдің жарқ етіп шыға келді.  
Елдің мұңын жоқтады, жыр қалдырды,  
Елменен бірге кешіп сұм тағдырды.  
Кең даласын күйлі сөзбен күңіреніп,  
Күмбірлеген күй үнімен нұрландырды.  
Тұлпардайын тартып еді оза шауып,  
Құлагердей құлатты тұсау салып.  
Халқымның азат таңы деп жүргенде  
Халық жауы атандырды жала жауып.  
Қазақ үшін мәңгі биік атақ, ары,  
Қазақ жауы атанды, қазақ жаны.  
Қалайша қазағымның жанашыры,  
Халқым деп, халық жауы атанады?  
Жендеттермен тас қамал абақтыға,  
Бейқадір қып, аттандырды қарап тұра.  
Құрбаны боп, қандыкөз саясаттың,  
Жазықсыздан ажал оғы атылуда.

Жаламенен қаралап, таптап арды  
Ел жауы деп қидырған оққа жанды  
Ілиястай қазағымның зиялысын  
Алпысыншы жылдары ел ақтап алды  
Ақ еді ол, қараймаған, дақ түспеген  
Елді ертеңге сүйреген нақты іспенен  
Қазақты қаймағынан айырмақ боп  
Елді ерінен айырды атқыш немең  
Жетісудан Ақсу болып құйылған,  
Алып жырды қиыстырған қиыннан.  
Қазақтың бәйтерегі емес пе еді  
Азапталып қыршынынан қиылған.  
Тулатып тұла бойды ой тереңі,  
Сұм саясат қыспаса қайтер еді.  
Тәнің өлді, ал жырың жанымызда,  
Қазақтың мәңгі өлмейтін бәйтерегі.  
Өзі өлсе де сөзі өлмес нар тұлғасың  
Мәңгілік тарихта өшпей атың қалсын  
Ізіңе ерген өрлесін «құлагерлер»  
Енді ешқашан ешкім де атылмасын.

Сәрсенбай Дариға Серікқызы,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті.

## Қара өлеңнің өлмейтін құлагері

Кесек келбет, япырым-ай жырың алтын,  
Жастайынан ұғынған сөздің парқын.  
Дала мен Күй, Күйші мен Құлагерім,  
Тарихта қалған сенің Ілияс атың.

Самар, шешен, дарынды ділмар еді  
Қайтпас, қайсар, ержүрек ердің бірі  
Ақиқат пен шындықтың музасы сен,  
Қара өлеңнің өлмейтін құлагері.

Сөз сүлейі, салмақты, салиқалы,  
Өлеңде тұрады әркез ақын жаны.  
Сыр шертетін, сырлы сөз түйдек-түйдек,  
Қызыл жалын, лаулаған өшпес мәңгі.

Ақсудың ерік бермес ағыны едің,  
Қорғаны едің, қорғансыз қалың елдің.  
Халық үшін Абайдан кейін тұрған,  
Биік едің, өр едің, заңғар едің.

Сен едің шуақ шашқан таң шапағы,  
Қара бұлт торуылдап барша маңды.  
Сұм заман, сұрқиялар қаптап кетіп,  
Халық жауы атанды, халық жаны.

Қазақ үшін туылған алып тұлға,  
Жазықсыздан жазықсыз атылдың ба?  
Жалған айып мойныға оратылып,  
Өкініш пен мұң қалды жанарыңда.

Құлагер боп, топ жарып көсілдіңде,  
Сыймадың-ау, арысым көк пен жерге.  
Жөдігерім ұмытылмас, өшпейтұғын,  
Ілияс боп сақталған ел есінде.

Сен туралы жазар жыр қыл қаламдар,  
Сен туралы сыр айтар не замандар?  
Сен өлмейсің, білемісің себебі-  
Артыңда өзің сүйген қалың ел бар.

Гүлназ ҚАБИ,  
студент.

## Дәуір жаршысы

Ілияс ақын жырлаған жайын елдің,  
Айттым атын алыпқа лайық ердің.  
Өр Ақсудың перзенті ақынды  
Күні дедім, елімнің айы көрдім.

Көрсететін тағдырын қыз баланың  
Теңсіздіктен қу жүрек сыздағанын  
«Мақпал» жыры - арудың өмір жырын  
Оқығанда жылдарға жүз барамын

Күмбірлеткен қос ішек домбыраны,  
Танытқандай өнерде бар мұраны.  
«Күй» мен «Күйші»-ақынның шеберлігін  
Дәуірлерге жеткізіп, өн қылады.

«Дала» жыры-тарихы ұлтымыздың,  
Бет-бейнесі жұт көрген жұртымыздың.  
Екі ғасыр жағдайын жырлап өткен  
Ілияс – ақын жаршысы еурпымыздың.

Бейнелеген қазақ-қалмақ күресін,  
Рүстем-ерді, қане, кімің білесің?  
Ерлік жыры - «Рүстем қырағыменен»  
Тарихына қосқан ақын үлесін.


«Көнпеске», «Мәйек», «Қуат», «Мұз  
қаласы»,  
Еркін ел жолындағы жүз жарасы.  
«Көбік шашқан» «Кеңес» пен «Жорық»  
жырын  
Ұғындырған ерлікпен түз баласы

Ақан атын танытып «Құлагермен»,  
Налып ақын кеткен-ді жырақ елден.  
Құлагердей аяқтан шалды ақынды  
Санамызда сансыз көп сұрақ ерген.

Жазады ақын «Жетісу суреттерін»,  
Табиғаттың өзіне үйреткенін.  
Сағ ауасы, бұлағы, сайраған құс  
Әсем гүлдер, әдемі жидектерін.

Өлең-сөзі – ұрпаққа жинағаны,  
Мұрасы оның лайық – сыйға бөрі.  
Өрлігі мен теңдігін таныттырған  
Өзіндей боп асқар шың – «Гималайы»

Меликам РАХИМЖАНОВА,  
Жаркент жоғары педагогикалық  
колледжі студенті.



# ДӘСТҮРЛІ АШЫТЫЛҒАН СҮТ ӨНІМДЕРІМІЗ – ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ



**Маржан СЫДЫКАНОВА,**  
педагогика ғылымдарының  
магистрі. Биотехнология  
зертханасының кіші  
ғылыми қызметкері.

**Жадыра САҒЫМАН,**  
биоинженерия бойынша  
философия докторы.  
I. Жансүгіров атындағы Жетісу  
университетінің Биотехнология  
зертханасының меңгерушісі.

**Аяулым МУРАТБЕКОВА,**  
жаратылыста-  
ну ғылымдарының  
магистрі. Биотехнология  
зертханасының кіші  
ғылыми қызметкері.

Медицина ғылымының атасы атанған Авиценна «Адам баласы үшін ең жақсы, ең маңызды тағам – сүт тағамдары» деген екен. Қымыз, шұбат, айран қатарлы дәстүрлі ашытылған (ферменттелген) сүт өнімдеріміз денсаулықты қорғау қасиеттерімен де, қоректік құндылығы жағынан да ел арасында жақсы сипатталады. Дәстүрлі сүт өнімдерінің адамдарға жағымды дәмі мен иісінің болуы оларды ашытатын микроорганизмдерге тікелей байланысты болады. Яғни олардың құрамында бірегей микробтық қауымдастық бар. Олар осы өнімдердің дәмінің, иісінің, қоректік құндылықтарының қалыптауында өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі күнге дейін біздің дәстүрлі сүт өнімдерімізге байланысты зерттеулер әлі де ескі әдістермен жүргізіліп келеді. Оның үстіне, дәстүрлі сүт өнімдерін өндірістік көлемде сапалы өндіретін технология әзірленбеген. Соның салдары-

нан дәстүрлі сүт өнімдеріміздің биохимиялық қасиеттері жайлы мәліметтер жеткіліксіз. Өндіріс көлемі де аз, көбінесе ауылдық жерлерде, жеке отбасыларында шағын көлемде ғана дайындалатындықтан заманауи нарыққа шыға алмай отыр.

Жетісу университетінің Экология және биотехнология зерттеу институтының биотехнология зертханасының меңгерушісі, биоинженерия бойынша PhD Жадыра Сағыманның жетекшілігімен бірнеше дәстүрлі сүт өнімдерімізге жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бұл жұмыстар сүт өнімдерінен микробтарды бөліп алудың қарапайым әдістерінен бастап, метагеномика, метаболомика, түрлі микробиомдық талдау сияқты заманауи әдістерді қамтитын болады. Зерттеу нәтижесінде, бірнеше түрлі дәстүрлі сүт өнімдеріміздің микробтық, метаболиттік

профилі толық анықталып, ашыту процесін басқаруға болатын жаңа өнімдер мен заманауи өндірістік технологиялар дайындалады деп күтілуде.

Бұдан тыс зертхана ұжымы, экологиялық ортаны қорғау, денсаулық сақтау салаларында да микробиологиялық зерттеулерді ұйымдастыруды көздеп отыр.

Қазіргі уақытта зертхана қызметкерлері «Jas Ğalym» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру аясында зерттеу жүргізуде. Жетісу облысының бірнеше аудандарында тұратын жергілікті отбасылардан жинап алынған Айран сынамаларынан сүт қышқылды бактерияларды бөліп алу, дәстүрлі және молекулалық генетика әдістерін қолданып идентификация жасау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жетісу облысындағы Кербұлақ, Ақсу аудандарындағы бірнеше отбасылардан айран үлгілері алынды. Қазіргі таңда айран үлгілерінің микробтық құрамы зерттелуде.



Жетісу өңірінің тіршілігі ауылшаруашылығымен тікелей байланысты болғандықтан, жергілікті тұрғындарда сүтті дәстүрлі жолмен ашытып пайдаланудың ұзақ уақыттық дәстүрі сақталған. Айран қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі сусыны. Жетісу өңірінің жергілікті отбасыларында дәстүрлі жолмен ашытылған Айранның микробтық құрылымы әлі толық зерттелмеген. Сүт қышқылды бактериялардың жергілікті штамдарын алу, осы аталған дәстүрлі сүт өнімінің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда маңызы зор.

**Биотехнология зертханасының негізгі мақсаты** – Жетісу өңірінің аграрлық дамуына

үлес қосатын микробиологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу. Қазақстанда микробиологиялық зерттеулердің өндіріс экологиялық ортаны қорғау және денсаулық сақтау қатарлы салаларда қолданылуына үлес қосу.

**Биотехнология зертханасының негізгі міндеттері:**

- Аграрлық өртүрлі объектілерінің – судың, ауаның, топырақтың және сүтқышқылды өнімдердің микробиомын зерттеу;
- Микроорганизмдердің жоғары белсенді өндірістік штамдарын алу және пай-



далану;

- Микроорганизмдердің тіршілік әрекетіне негізделген технологиялық процестерді қарқындалу және өнім шығарудың жаңа әдістерін әзірлеу;

- Тұтынушылардың денсаулығы үшін қауіпсіз азық-түлік өнімдерін шығаруға қатысу.

## СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі ақ екені бәрімізге белгілі. «Ағы бардың бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт, несібесі деп білген. Сүтті соншалық қасиеттеудің басты себебі – ол тіршілік арқауы, одан неше алуан құнарлы тағамдар әзірлеп, дастарқан молшылығын жасаған.

Сүт тағамдарынан қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, уыз, май, сүзбе тағы басқаларын күнделікті пайдаланамыз. Бұлардың барлығының да адам денсаулығына тигізер пайдасы мол.

**Сүт** – басқа ешқандай азық-түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 пайызы сіңеді. Сондай-ақ сүт амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, витаминдерінің таптырмайтын көзі. Сүт және оның өнімдерінің құрамында жеңіл сіңетін құраушылар бар. Олар бізге кальцийді, дәрумендерді (A, B2, B1, E, D, C), сондай-ақ көптеген басқа қоректік құндылықтарды жеткізеді.

Сүттің жоғары қоректік қасиеттерін келесі деректерге қарап білуге болады: бір литр сүт құрамындағы белок мөлшері – 150 г., ол сиыр еті, немесе тауықтың 5 жұмыртқасы, немесе 1 кг. нан құрамындағы белокқа тең. Сүттің жарты литрі адамның амин қышқылдарына деген тәуліктік қажеттілігін қанағаттандырады, ал сүттің бір литрі адамның май, кальций, фосфор, рибофлавинге қажеттілігін толық, белокқа қажеттілігін жартылай, ал аскорбин қышқылы, ретинол, тиаминге қажеттілігінің 1/3 бөлігін қамтамасыз етеді екен.

Сүттің тағы бір қасиеті – түрлі азық-



түлікпен керемет үндесіп, адам тағамының биологиялық құндылығын көтереді. Жйткені сүт организмге түсетін қоректік заттардың көлемін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге май, белок, көмірсу, минералды тұздар, тағы басқалармен бірлесіп, үндесе отырып, осы қоректік заттардың организмге сіңімділігін жақсартады.

**Көк сүт - қаймағы алынған нәрі аз сүт. Қатырылған сүт- мұздатып ұзақ сақтайтын сүт. Майлы сүт -қаймақтан сары май айырағанда іркіліп шығатын қышқыл сүт. Оны кейде сол күйі сусын ретінде ішкен, кейде қайнатып ақірімшік жасаған. Шайқалған майды шынылау үшін суық суға салып сығымдаған, одан қалған**

**сүтті май сүтінің шалабы деп, кей жерлерде май шалап деп атаған.**

**Қатық** – көбінесе қойдың, ешкі мен сиырдың қаймағы алынбаған сүтінен ұйытқан аса қою айран.

**Сүзбе** – жақсы ұйыған қатықты қапқа салып асып қойып, сорғытып сүзеді.

**Айран** – қой, сиыр сүтінен әзірленеді. Қатыққа қарағанда сұйық болады. Айран-шөл басуға таптырмайтын сусын.

**Айран көже** – бидай, тары, арпа, күріш жармаларынан жасалған көжеге айран қосып ашытылады немесе сүт қосып ұйытылады.

**Қойыртпақ** – қатыққа, айранға, қымызға, ішетін іркітке сүт немесе су қосып, торсыққа құйып, қанжығаға байлап жүріп далада ішетін ақ, сұйық айран.

**Айран-шалап** – айранға суық су қосып сапырып, шөлдегенде ішетін сусын. Айран-шалап деп кейде жалпы ақты да атаған.

**Боза** – ашыған сүт, айраннан әзірлеген сусын (ішімдік). Боза тары, бидай жармаларынан да ашытылады.

**Іркіт** – құрт қайнату, кейде майын алып, ірітіп сусынға ішу үшін сабаға, күбіге жинап ашытқан айран-қатық, шікі сүт. Іркіттің басын піскен сүттен ұйытып алып сабаға құяды да,

үстіне шікі сүт құйып жинай береді. Содан кейін оны пісіп, майын алады, қалған іркітіне құрт қайнатады, кейде іркітті пісіп, сапырып сусын орнына да ішеді.

**Быршыма** – ұйтқысы нашар болған немесе көп тұрып ашып кеткен айран, іркіт түрлері, одан көбінесе құрт қайнатылады.

**Уыз** – жаңа төлдеген малдың төлі емгеннен кейінгі алғашқы сүтінен пісіріледі. Өте дәмді ақірімшік болады. Төл емгеннен кейінгі сары уыз бүйенге, ішекке құйылып, етпен бірге пісіріледі.

**Ірімшік** – жаңа сауылған жылы сүтті мөйкепке ұйытып, одан кейін суалғанша қайнатады. Қайнауы жеткен ірімшік қызыл сарытүске айналады. Содан кейін оны сүзіп алып, дорбаға салып, желге, күнге қойып кептіреді. Кепкен ірімшік бұзылмайды, көп сақталады. Қонақ дастарқанына қойылатын өте дәмді, сүйкімді де бағалы ас. Кепкен ірімшікті түйіп жент жасайды, тұш бауырсақтың үстіне себеді.

**Ақірімшік** – сүтке айран қосып ірітіп қайнату арқылы әзірлейді. Кейде ашып қалған, өздігінен ұйыған сүттің айранын сүзу арқылы да ақірімшік жасалады.

**Қымыз** – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады.

**Саумал** – биенің ашымаған сүті. Саумал өкпенің құрт ауруына шалдыққанын емдеуге қосымша ең қажет тағам ретінде көп қолданылады. Саумалдың тағамдық құндылығының жоғарлығы, оның ауыр дертке шалдыққан адамдардың еңсесін көтеретін тағам ретінде қолданылатынан-ақ байқауға болады.

**Шұбат** – түйе сүтінен өндірілді, бұл сусын қазақ аспаздығында кеңінен қолданылады. Түйенің сүтін ашыту арқылы дайындалынатын сусын.

**СЕГОДНЯ МЫ РАССМОТРИМ ПРОРЫВНОЕ СОБЫТИЕ В МИРЕ АКАДЕМИЧЕСКОГО ОБМЕНА И МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА: ОТКРЫТИЕ ПРОГРАММЫ ДВОЙНОГО ДИПЛОМА МЕЖДУ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИМ УНИВЕРСИТЕТОМ МАРКЕ И ЖЕТЫСУСКИМ УНИВЕРСИТЕТОМ. ЭТА ИННОВАЦИОННАЯ ПРОГРАММА ПРЕДОСТАВЛЯЕТ СТУДЕНТАМ УНИКАЛЬНУЮ ВОЗМОЖНОСТЬ ЗА 4 ГОДА ОБУЧЕНИЯ ПОЛУЧИТЬ ДИПЛОМЫ 2 ПРЕСТИЖНЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ — КАЗАХСТАНСКОГО И ИТАЛЬЯНСКОГО.**

**ЧЛЕН ПРАВЛЕНИЯ – ПРОРЕКТОР ПО НАУЧНОЙ РАБОТЕ АЛЕФТИНА СЕМБАЕВНА БАХТАУЛОВА ПОДЕЛИЛАСЬ С ЧИТАТЕЛЯМИ «JETISU UNIVERSITY» ЭКСКЛЮЗИВНОЙ ИНФОРМАЦИЕЙ О ПРОГРАММЕ, ЕЁ ОСОБЕННОСТЯХ И ПЕРСПЕКТИВАХ, КОТОРЫЕ ОНА ОТКРЫВАЕТ ДЛЯ НАШИХ СТУДЕНТОВ.**



# НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ОБРАЗОВАНИЯ

**- Алефтина Сембаевна, расскажите, пожалуйста, что такое дудипломное образование?**

- Дудипломное образование представляет собой уникальную возможность для студентов получить два диплома, обучаясь одновременно в двух различных высших учебных заведениях. Эта программа обучения отличается своим разнообразием: студенты могут изучать одну специальность в двух университетах или выбрать две разные образовательные программы. Часто такие программы реализуются в партнёрстве между казахстанскими и зарубежными вузами, что позволяет студентам сочетать лучшие образовательные практики и расширять свои академические и культурные горизонты.

**- По каким образовательным направлениям действует данная программа в ЖУ? Какие специальности она охватывает?**

- С 2000 года наш университет успешно реализует программу дудипломного образования, сотрудничая с рядом зарубежных вузов. В частности, мы сотрудничаем с Лингвистическо-техническим университетом в Польше, где студенты могут получить диплом по специальности «Қазақ тілі мен әдебиеті» в нашем университете и диплом по филологии в польском вузе.

Кроме того, у нас установлено партнёрство с Алтайским государственным университетом в России, где студенты могут обучаться по программам «Экология» и «Рациональное природопользование», получая знания и опыт, соответствующие международным стандартам.

В этом году мы начинаем новое сотрудничество с Политехническим университетом Марке в Итальянской Республике, что открывает перед нашими студентами ещё больше возможностей для получения качественного образования и развития в международном академическом пространстве.

**- Расскажите, пожалуйста, подробнее про данный зарубежный вуз.**

- Политехнический университет Марке, расположенный в историческом городе Анкона на побережье Адриатического моря, является государственным высшим учебным заведением Итальянской Республики. В соответствии с рейтингом Times Higher Education за 2024 год, университет занимает позиции между 601 и 800 местами. Особенно примечательно, что в области сельского хозяйства университет демонстрирует выдающиеся результаты, входя в топ-300 лучших вузов мира по версии рейтинга QS, что делает его привлекатель-

ным и эффективным партнером для нашего университета в рамках дудипломного образования.

**- Что необходимо сделать, чтобы поступить?**

- Наш университет установил плодотворное сотрудничество с Политехническим университетом Марке. В октябре 2023 года был под-

писан меморандум о взаимодействии, что положило начало активной работе по разработке дудипломного образования. Учитывая аграрный характер региона Жетысу, наш университет выбрал образовательную программу «Агрономия». В ответ, Политехнический университет Марке предложил программу бакалавриата «Сельскохозяйственные науки и технологии».

После тщательного обсуждения учебных программ и планов, в апреле этого года был подписан договор о реализации дудипломной программы. Это сотрудничество открывает новые горизонты для студентов, стремящихся к получению международного образования и профессионального развития в сфере агрономии и сельскохозяйственных наук.

**- Какие документы необходимы при поступлении?**

- Для успешного поступления на дудипломную программу кандидаты должны выполнить следующие условия: во-первых, набрать более 50-ти баллов на Едином Национальном Тестировании (ЕНТ), при этом обязательно сдать профильные экзамены по биологии и химии. Второе условие, предъявляемое Политехническим университетом Марке - это владение английским языком на уровне не ниже 5.5 по системе IELTS, что подтверждается соответствующим сертификатом.

Кроме того, начиная с 2024-2025 учебного

года, вводится альтернативный путь поступления на данную программу. Студенты I курса, которые успешно освоили цикл общеобразовательных дисциплин и имеют сертификат IELTS уровня 5.5, могут быть переведены на дудипломную программу. Это позволит им продолжить обучение в рамках дудипломной программы и за оставшиеся три года обучения получить два диплома.

**- Расскажите, пожалуйста, как проходит процесс обучения?**

- Процесс обучения по дудипломной программе, утвержденный в соответствии с договором, предусматривает следующие этапы:

• После зачисления на программу, студенты начинают обучение на II курсе в Жетысуском университете, который соответствует I курсу дудипломной программы.

• В течение II и III курсов дудипломной программы, итальянские ученые будут ежегодно приезжать для преподавания специализирован-

демического опыта.

**- Программа двойного диплома охватывает лишь бакалавриат?**

- На текущем этапе наш университет сосредоточен на реализации бакалаврских программ. Вместе с тем, мы рассматриваем возможность открытия филиала Политехнического университета Марке на базе нашего университета, что позволит расширить спектр предлагаемых образовательных программ.

**- А что касается стоимости обучения? Стоит ли программа дудипломного образования дороже остальных программ обучения?**

